



Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 26 маусымдағы N 165 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 10 шілде N 102-ө Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық

қауіпсіздігін қамтамасыз ету күштерінің қызметін жетілдіру жөніндегі кейбір шаралар туралы" 1999 жылғы 26 маусымдағы N 165

U990165_

Жарлығын
іске асыру мақсатында:

1. Мына құрамда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қайта ұйымдастырылатын Мемлекеттік шекара күзеті күштері мен жекелеген ұйымдарының істері мен мүлкін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарауына беру жөнінде комиссия құрылсын:

Елубаев Бауыржан - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Бсқақұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары, төраға (келісім бойынша)

Комиссияның мүшелері:

Әбілғазин Данияр - Қазақстан Республикасының Қаржы
Рүстемұлы вице-министрі - Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетінің төрағасы

Бұзыбаев Тоқтасын - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Бсқақұлы қауіпсіздік комитетінің Шекара
қызметі директорының міндетін
уақытша атқарушы

Ертаев Бақытжан - Қазақстан Республикасының Қарулы
Ертайұлы Күштері Бас штабының бастығы -

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары

Иванова Наталья - Қазақстан Республикасы Қаржы
Николаевна министрлігінің Бюджет департаменті
құқық қорғау органдарының қорғаныс
кешені басқармасының бастығы

Танкеев Серікхан - Қазақстан Республикасының
Әлиханұлы Қауіпсіздік кеңесі Хатшылығының бас
сарапшысы (келісім бойынша)

2. Комиссия 1999 жылдың 20 тамызына дейін тиісті мүлікті қабылдап алу-беру жөніндегі жұмысты аяқтауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп он күндік мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының 4-тармағының 1), 2) тармақшаларын орындау жөнінде ұсыныс әзірлесін және Үкіметке е н г і з с і н .

4. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының

5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі мен Әскери институтын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК